

**«Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамыту:  
проблемалар және шешу жолдары» тақырыбындағы Үкімет  
сағатының қорытындылары бойынша  
ҰСЫНЫМДАР**

Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Сенаты

2022 жылғы 25 қараша

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті құрылыс саласын одан әрі дамыту және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін, саланың қазіргі жай-күйін, проблемалар мен оларды шешу жолдарын қарастыра отырып, келесіні атап өтеді.

Тұрғын үй құрылысы ел экономикасының өсуін, аралас салалардың дамуын ынталандыратын, халықтың жұмысқа орналасуын және тұрғын үйге деген қажеттілігін қамтамасыз ететін шикізаттық емес сектордың басым салаларының бірі болып табылады.

Сондықтан Қазақстанның алдында халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсарту, құрылыс материалдарының импортын төмендету, сондай-ақ отандық құрылыс өнімдерін өндіру нарығын дамыту бойынша мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі мен атаулылығын арттыру міндеттері тұр. Осыған байланысты, тұрғын үй саясатының өңірлердің аумақтық және әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларына және перспективаларына үйлесімділігі мен үйлестірілуін қамтамасыз ету айрықша өзекті болып отыр.

Тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, Үкімет сағатына қатысушылар мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

**1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ:**

1.1. Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына «әлеуметтік пайдаланылатын тұрғын үй-жай» ұғымын, сондай-ақ көрсетілген тұрғын үй-жайға қойылатын талаптарды және оны беру тәртібін регламенттейтін нормаларды енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастырсын.

1.2. Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына «мәжбүрлеп көшіру» ұғымына, сондай-ақ мәжбүрлеп көшіру тәртібін, жағдайлары мен шарттарын регламенттейтін нормаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастырсын.

1.3. Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына азаматтарды тұрғын үйден шығаруға қатысты нормаларға: тұрғын үйді бұзуға; тұрғын үй-жайды тұрғын емес үй-жайға ауыстыруға байланысты; авариялық жағдайда тұрғанда; тұрғын үйді күрделі жөндеу немесе реконструкциялау уақытына; әлеуметтік пайдалану кезінде; жатақханада; мемлекеттік тұрғын үй қорынан қызметтік үй-жайда; банкте кепілге қойылған тұрғын үйде; тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге ақы төлеуден және тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін ақы төлеуден жалтарғанда; және т. б.. тұрғын үй-жайдан шығару бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелесін қарастырсын.

1.4. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (білім беруде, денсаулық сақтауда, әлеуметтік салада және т.б.) іске асыру кезінде үлгілік (өңірлердің табиғи-климаттық жағдайларын ескере отырып) және іске асырылған жобаларды қолданудың тиімді тетігін әзірлесін. *Әлеуметтік сала объектілерін салу бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде үлгілік жобаларды қолдану жобалау мерзімдері мен шығындарын қысқартуға және тиісінше өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.*

1.5. Мемлекеттік қаражат, квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылыс жобаларын: іске асырылған, іске асыру сатысындағы және аяқталмаған деп бөле отырып, есепке алу мен мониторингтеудің бірыңғай ақпараттық базасын құру және оның жұмыс істеуі жөнінде шаралар қабылдасын, сондай-ақ, Ұсынымдардың 1.4-тармағында көрсетілген бюджеттік инвестициялық жобаларды (білім беруде, денсаулық сақтауда, әлеуметтік салада және т.б.) іске асыру кезінде үлгілік жобаларды қамтитын жеке бөлім көздесін.

*Құрылыс бойынша жобалардың іске асырылуын қадағалау тетігін құру, сондай-ақ іске асырылған немесе проблемалық жобалар туралы деректер алу мақсатында.*

1.6. *Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жайластыруға мәлімделген жобаларды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратынын, сондай-ақ нақты елді мекен, аудан, тұрғын үй кешені шегінде, сондай-ақ жобаларды жоспарлау рәсімін оңайлату мақсатында өңірлік сипатқа ие екенін ескере отырып, тиісті нормативтік-құқықтық актілерге (Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №126 бұйрығымен бекітілген Нысаналы даму трансферттерін қарау және іріктеу қағидалары) өзгерістер енгізе отырып, шығыстардың осы түрін жалпы сипаттағы трансферттер шеңберінде жергілікті бюджеттер базасына беру мәселесін қарастырсын.*

1.7. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 57 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу жоспарына Еуразиялық экономикалық одақтың жобалау және құрылыс саласындағы техникалық регламенттерін әзірлеу жөніндегі толықтыруларды енгізу мәселесін қарастырсын.

1.8. Құрылыс саласындағы дербес жауапкершілікті арттыру мақсатында Құрылыс саласындағы ғалымдар алқасын құру (немесе Құрылыс саласының ұлттық қауымдастығы өкілдерін ғылыми-техникалық кеңестің құрамына енгізу) жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құрсын, сондай-ақ оны құру мерзімдерін, құрамын, өлшемшарттарын, форматын, нысанын, мақсаттары мен міндеттерін анықтау.

Аталған жұмыс тобының құрамына: Ғылым және жоғары білім министрлігінің; Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің; Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің; «Қазақ Құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» акционерлік қоғамының (ҚазҚСҒЗИ); «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының және Құрылыс саласының ұлттық қауымдастығының (ҚСҰҚ) өкілдерін қосқан жөн.

## **2. ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ:**

2.1. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне ауылда, кентте, ауылдық округте жұмыскерлерге тұрғын үй салған жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі құзыретті беру бөлігінде Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізісін.

2.2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің шараларды әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ ауылдық жерлерде халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жөніндегі құзыретін беру жөніндегі мәселені қарастырсын.

2.3. Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына қандай да бір санатқа нұқсан келтірмей, жылдар бойынша бөліп есепке қою күніне байланысты мұқтаж азаматтар үшін тұрғын үйлерді бөлу тәртібін айқындау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастырсын.

2.4. Жосықсыз лицензиаттарды құрылыс жұмыстары нарығынан шығару және лицензияларды «сатуға» жол бермеу мақсатында лицензиялау жүйесін жетілдіру, оның ішінде білікті мердігерлер тізілімін ендіру жолымен шаралар әзірлесін.

2.5. Еурокодтар мен ҚНЖЕ қатар қолдануды енгізудің орындылығы мәселесін қарастырсын.

**ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ  
МИНИСТРЛІГІ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ, ИННОВАЦИЯЛАР және  
АЭРОҒАРЫШ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІМЕН, «ОТБАСЫ БАНК»  
АҚ-мен бірлесіп:**

2.6. Тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінің ашықтығы үшін мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрғандардың тізілімі нысанында кезекте тұрған және тұрғын үй алғандардың тізімі бар ақпараттық портал әзірлсін және қолданысқа енгізісін, ол осы уақыт режимінде жаңартылатын болады.

**ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ  
МИНИСТРЛІГІ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІМЕН бірлесіп:**

2.7. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде құрылыс жобалары бойынша деректерді алу бөлігінде мемлекеттік сатып алу порталы мен «Ведомстводан тыс кешенді сараптама» ақпараттық жүйесінің интеграциясын жеделдетуге бағытталған шаралар қабылдасын.

**3. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ:**

3.1. Бюджет кодексіне жекелеген өңір үшін ерекше шарттарды айқындамай, жергілікті инвестициялық жобаларды қаржыландырудың бірыңғай қағидаларын белгілеу бөлігінде түзетулер енгізу мәселесін қарастырсын.

*Бюджет кодексіне сәйкес (46-баптың 7-тармағы) республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен іске асырылатын жергілікті деңгейдегі инвестициялық жобалардың сметалық құнын ұлғайтуға байланысты шығыстар тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылуға тиіс.*

*Алайда, астана үшін 1 млн. АЕК-тен асатын ЖСҚ құнын ұлғайту жөніндегі шығыстар республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын кезде артықшылық көзделген.*

**ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІМЕН бірлесіп:**

3.2. Табиғи монополиялар субъектілерінің инженерлік желілердің техникалық сипаттамалары мен бос қуаттары және қала құрылысы кадастрының ақпараттық жүйесіне берілген техникалық шарттар

бойынша деректерді беру жөніндегі міндеттемесін заңнамалық деңгейде көздесін.

### **ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІМЕН ЖӘНЕ САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІМЕН бірлесіп:**

3.3. Табиғи монополиялар субъектілерінің инженерлік желілер туралы дәйекті цифрлық деректерді қала құрылысы кадастрының ақпараттық жүйесіне беру регламенті қабылдасын.

3.4. Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейтін ұлттық техникалық регламент жобасының реттеушілік әсерін талдау рәсімінің одан әрі қабылдау мақсатының аяқталуын жеделдетсін.

### **4. ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ:**

4.1. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына:

- әкімшілік-аумақтық белгі түрінде әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды;

- өнім берушінің орындауында мемлекеттік сатып алу туралы шарт болған кезде шартты жеңілдіктің теріс мәнін *(бір өнім берушінің бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерде немесе бірнеше тендерлерде жеңіске жету жағдайларын болдырмау және шарттың орындалуын одан әрі қосалқы мердігерлікке беру мақсатында)* белгілеу бөлігінде тиісті өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

### **5. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ:**

5.1. Астана және Алматы қалаларының елді мекендерінің шегіне енген жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту үшін төлемдерден босату бөлігінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастырсын.

Осы нормаларды Қазақстанның барлық өңірлерінде енгізу мүмкіндігін қарастырсын.

### **6. ЦИФРЛЫҚ ДАМУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АЭРОҒАРЫШ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІМЕН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІМЕН ЖӘНЕ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІМЕН бірлесіп:**

6.1. Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрын жеделдетіп енгізу және оны жер және қала құрылысы кадастры жөніндегі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен және жылжымайтын мүлік тіркелімімен интеграциялау жөнінде шаралар қабылдасын.